



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**№ 11 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2005 жылғы 3 мамыр**  
**Халықаралық резервтер және**  
**ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 28 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>12 396,2</b>	<b>12 155,4</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	11 168,9	11 168,9
Алтын	1 227,3	986,5
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>992,7</b>	<b>992,7</b>
KZT/USD (кезең аяғында)	<b>124,11</b>	<b>133,98</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	<b>638,25</b>	<b>513,00</b>

\* 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2006 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 11,9%-ға (немесе 1 316,7 млн. долл.) өсті. Ішкі валюта рыногында валюта сатып алу және Үкіметтің шотына валютаның түсуі, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операцияларды жүргізу жағдайларында да таза валюта қорларының 1 270,2 млн. долларға көбеюіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 9,3%-ға өсуі нәтижесінде 46,5 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 11,2%, ЕАВ-мен таза активтер – 12,8% өсті, алтынмен активтер 4,9% төмендеді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 546,9 млн. долл.) қоса алғанда 20 946,6 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 7,9 % болды.

2006 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттарында ақшаның көбеюі) ақша базасының 6,6%-ға (немесе 47,7 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.